

## 2020-2021 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № А-7/366 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 шілдеде № 7960 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2020-2021 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. 2020-2021 оқу жылына жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржипаев

Ақмола облысы әкімдігінің  
2020 жылғы 16 шілдедегі  
№ А-7/366 қаулысына  
1 қосымша

## 2020-2021 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Гранттардың саны (күндізгі оқу нысаны бойынша)	Толық оқу мерзімі		Қысқартылған оқу мерзімі		Оқу жылы ішінде 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
			қазақ тілінде оқыту	орыс тілінде оқыту	қазақ тілінде оқыту	орыс тілінде оқыту	2020 жылғы 4 айға	2021 жылғы 8 айға
Білім беру								
В002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	20	0	0	15	5	147,8	295,5
В003	Бастауышта оқыту	20	0	0	15	5	147,8	295,5



Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Гранттардың саны	Оқу жылы ішінде 1 резиденті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
			2020 4 айға	2021 8 айға
Резидентура				
7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	7R011 Денсаулық сақтау	35	332,3	664,5
Барлығы:		35		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК